

**2023-2024 оқында «Талды жалпы білім беретін мектебі» КММ
бойынша**

**«Жас Ұлан» Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымының, «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагерінің мәтіндік есебі**

**«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының моделі –
балалардың қазіргі замандық қоғамда өз орнын табуына, Отаншылдық және
азаматтық жауапкершілікті сезінуіне, еркін шығармашылық қабілеттерін
дамытуына мүмкіндік береді;**

**«Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік
құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық
патриотизм рухында қалыптасқан ұйым;**

Ұйымның мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық,
біліммен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан
тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген
жауапкершілікке тәрбиелеу;

Ұйымның міндеттері: қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу
негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті
қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсендейлігі мен
саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен
жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін
жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға,
көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған
баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Әрбір «Жас Ұландықтан» Отан мұддесі үшін қызмет ететін маңызды
қасиеттерді менгерген, Отаның мұдделерін қорғау жөнінде азаматтық
борыш пен міндеттерін орындауға тәрбиеленген, халықтар достығын
құрметтейтін, имандылық, адамгершілік, ізгілік, ұлттық мінез-құлышық пен
әдет-ғұрпын негізінде білім алған тұлғаның өсіп шығуы:

- Өз Отанының тарихы мен мәдениетін зерделей алатын, ұлттық және
отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді қастерлейтін жастардың
көбеюі;
- Оқушылардың мектеп қабырғасында бастап кемел білімге, кенен
кәсіпке жақын болуы, сол арқылы Отанымыз –Қазақстанның дамуына,
ондағы азаматтық қоғамның тұғырының мығым болуына өз үлесін қосатын
шын мәніндегі Отаншыл азаматтардың қалыптасуы;
- Оқушылар өзін-өзі басқара отырып, елжандылыққа, өнерге, білімге,
адамгершілікке, сауаттылыққа тәрбиеленеді;
- Оқу-тәрбие жұмысының сапалы жүруіне сынып белсендейлері өзінің
құқы, міндеті, жауапкершілігі арқылы өз үлестерін қосады;
- Болашақта жан-жақты дамыған, адами құндылықтары бойына
қалыптасқан, ел тұтқасын ұстайтын жеке тұлғалар шығады;

- Ойы, тәні, жаны, ісі әсем тұлға шығады;

Жалпы Ұйым жұмысында жүргізілетін басшылыққа алынатын жұмыстар:

- Мектепішілік ар-намыс кодексін, ережелердің орындалуын қадағалау;
- Конференция, байқау, сайыстарға қатысу;
- Мектептегі, одан тыс мәдени-әдеби, тарихи, әскери-спортивттық іс-шараларға қатысу және оларды өткізу;
- Қамқорлық пен қайырымдылық акцияларын жүргізу;
- Жас Қырандармен жұмыс жүргізу, тәрбие шараларға тарту;
- Салауатты өмір салтын насиҳаттау;
- Жиналыстар мен отырыстарды хаттау;
- Ұйым құжаттарына арналған папкалардың жай-күйін қадағалау;
- Ұйымның ары қарай жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызыу және белсенділігін артыру.

2020-2021 оку жылында ұйымға қабылданатын окушылардың мәліметтер базасы жинақталды. Ұйым мүшелерімен, сыныптың Ұланбасылары мен сыныптың белсенділерінің мәліметтері алынды.

Мектеп бойынша «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына «Жас Қырандар» саны -24, ал «Жас Ұландар» – 39 бала болды.

Талды жалпы білім беретін мектебінде Республика күні қарсанында Өзін-өзі басқару ұйымы және аға тәлімгер Кузембаевың ұйымдастыруымен 23.10.2023 жылы мектеп Президентін сайлауы өтті. Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау окушының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді.

10-18.10.2023 ж аралығы 8- сынып окушылары Бексұлтан Айшолпан, Мукашев Нұрхат, Рысбекова Майра, 9-сыныптан Даткина Кәмшат, Насип Айымнан үміткер ретінде өтініш қабылданып, әр үміткер өз сайлауалды бағдарламаларын ұсынды.

Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізілді. Нәтижесінде Мукашев Нұрхат 30 дауыспен мектеп Президенті болып сайланды. Бексұлтан А.-22, Рысбекова М.-21...

<https://www.instagram.com/p/CuXmv2Tsfg8/>

24.10.2023 жылы Талды жалпы білім беретін мектебінде Республика күні қарсанында "Жас ұлан — елімнің ертеңі" тақырыбында 5 және 7 сынып окушыларын "Жас ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау өтті.

Жауапты: "Жас ұлан" ұйымы, аға тәлімгер Кузембаева Ж. Е.

@shet.bilim @obb_qaragandy #жасулан

https://www.instagram.com/p/CuhpxPMaGt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWF1ZA==

Бүгін мектебіміздің 7-8 сынып оқушылары окушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сініру, үлкенді сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт – дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге, аталы сөзден гибрат алу мақсатында "Қарағанды облысының "Белсенді ұзақ өмір сұру" арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" КММ қонақта болып қайтты.

Оқушылар қарттарға көтеріңкі күй сыйласа, ата-аналар өз тарапынан қолдау көрсетіп, сый-сияппаттарын беріп жіберді.

Саяупты іс жасаған оқушылар саналы ғұмырында ата-ана қадірін білсе еken дейміз.

Дегенмен, кезінде қытай ғалымдары "бірде бір қарттар үйі мен жетімдер үйі жоқ ел – қазақ елі" деп танқалған қазақ даласында бүгінгі таңда аталмыш орындар неге қаптап кетті?

<https://www.instagram.com/p/CzLxsGuMRUz/>

Талды жалпы білім беретін мектебінде 20 қарашада, 7-11сынып аралығында "Еркін тыныс ал!" атты темекіге қарсы жалпы республикалық флэшмоб өткізілді. @shet.bilim @obb_qaragandy #бізтемекігекарсымыз #еркінтынысал

https://www.instagram.com/p/Cz24J5rtnZC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWF1ZA==

Талды жалпы білім беретін мектебінде "Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір" республикалық онкүндік аясында 1-4,6 сынып білім алушылары арасында бақытты балалық шақ бейнеленген сурет байқауы өткізілді. ДТІЖО Рысбеков Б.Т., тәлімгер Шыңғыс Гәкку. @shet.bilim @obb_qaragandy #біртұастәрбие

https://www.instagram.com/p/Cz7_nvItI1F/

Талды жалпы білім беретін мектебінде 28 қарашада "Ұлттық рәміздерді білесің бе?" тақырыбында "Жас Ұлан" ұйым мүшелерінің ұйымдастыруымен сауалнама 5,6,8 сыныптардан алынды. Мақсаты: білім алушылардың КР мемлекеттік рәміздерін құрметтеу дағдыларын қалыптастыру. Тәлімгер Шыңғыс Г.А. @shet.bilim @obb_qaragandy

https://www.instagram.com/p/C0OcaSKM_Qr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWF1ZA==

Талды ЖББМ 5-8 сыныптарға, "ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА" тарихи сауаттылық апталығының үшінші күні тарихи фильмдер арасынан оқушылар таңдаған , "Көшпендейлер" фильмі көрсетілді. Фильмді көре отырып, қазақ даласынан шыққан батырларымыздың, ата-бабаларымыздың елімізді, жерімізді жаудан қорғап, еркіндікті ансаған ерліктерін тамашалады.
Жауапты: тарих пәнінің мұғалімі Нуртазина Б.М; аға тәлімгер Шыңғыс Г.А. @shet.bilim @obb_qaragandy

https://www.instagram.com/p/C0gfmqgs2-C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWF1ZA==

Талды жалпы білім беретін мектебінде 8 сыныпта " XXI ғасыр-көшбасшысы" тақырыбында интеллектуалды сайыс өткізілді. Мақсаты: білім алушылардың көш басшылық қабілеттерін ояту. Білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу. Сынып жетекшісі, аға тәлімгер Шыңғыс Г.А. @shet.bilim @obb_qaragandy

<https://www.instagram.com/p/C0k50bVIjoP/>

Қарағанды облысы білім басқармасы Шет ауданы білім бөлімі Талды жалпы білім беретін мектебінде Тәуелсіздік күніне орай "Өнегелі өмір" жобасы аясында орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Байбол Салтанат Абкенқызымен желтоқсан оқиғасы жайында кездесу-сұхбат өткізілді. Аға тәлімгер Шыңғыс Г.А., кітапханаши Абдишева А.Т @shet.bilim @obb_qaragandy #біртұтас_тәрбие #тәуелсіzlіккүнбілім09

<https://www.instagram.com/p/C03PLR6tgiv/>

Талды ЖББМ-інде "Психология апталығы" аясында 5-6сынып оқушылары "Сымбатты болу шартымыз...." (Флеш- моб)

Откізген: Тәлімгер: Шыңғыс Г.А.

Педагог-психолог Толеуова З.С.

@shet.bilim

https://www.instagram.com/p/C1BtYgMMvzd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWF1ZA==

Талды ЖББМ-інде "Психология апталығы" аясында қыздар арасында "Бойжеткен әдемі жүр, сыпайы күл!" фотосуреттер көрмесі өтті.

Өткізген: Тәлімгер: Шыңғыс Г.А.,

Педагог-психолог Толеуова З.С., әлеуметтік педагог Токеева М.Е.

@shet.bilim @obb_qaragandy #психологияапталығы

https://www.instagram.com/p/C1G-IZM0Ha/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWF1ZA==

Қарағанды облысы білім басқармасы Шет ауданы білім бөлімінің Талды жалпы білім беретін мектебінде Тәуелсіздік күніне орай Мектеп парламенті мен Жас ұлан үйімдің үйымдастыруымен "Елімнің еркіндігі-Тәуелсіздік" атты тақырыпта 6-9 сыныптар арасында спорт жарысы өткізілді. Мақсаты: білім алушыларды өз елін, жерін сүюге тәрбиелеу, спортқа деген қызығушылықтарын жан-жақты дамыту. Жауапты: дene шынықтыру пәнінің мұғалімі Ахметжанов С.Т., аға тәлімгер Шыңғыс Г.А., мектеп Президенті Мукашев Н. @shet.bilim @obb_qaragandy @jasulan_qz

https://www.instagram.com/p/C1GtREcNkwW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWF1ZA==

Қарағанды облысы білім басқармасы Шет ауданы білім бөлімінің Талды жалпы білім беретін мектебінде 5-9 сыныптарда "Нашақорлық-ғасыр дерті" тақырыбында ақпарат-дәріс өткізілді. Жауапты: ДТІЖО Рысбеков Б.Т., аға тәлімгер Шыңғыс Г.А., мектеп медбикесі Рахимберлина А.А. @shet.bilim

<https://www.instagram.com/p/C1YZ8GGoQYk/>

Қарағанды облысы білім басқармасы Шет ауданы Талды жалпы білім беретін мектебінде "Төрлет, Жаңа жыл!" мерекелік іс-шарасы 8,9,11 сыныптарда өткізілді. Мақсаты: Балаларды мерекелік көңіл-күй тудыру. Шырша әсемдігін, қыс келбетін сезіну, әсер алу қабілеттерін жетілдіру. Аяз атаның, Ақшақардың, карнавалдықиімдеріне назар аударту, көңілді ойындар ойнату,

бірлескен ойындар арқылы достық қарым-қатынастарын ояту. Жауапты: 8-сынып жетекшісі Шыңғыс Г.А. @shet.bilim

https://www.instagram.com/p/C1e76_rst_x/

8 наурыз -Халықаралық әйелдер күніне орай 5-8 сыныптар арасында “Көктем аруы ” атты байқау өтті. Мақсаты: жас талапкер қыздарды инабаттылыққа, ізеттілікке, әсемдікке тәрбиелеу.

Байқауды мектеп тәлімгері Шыңғыс Гәкку Ақанқызы және Музыка пәнінің мұғалімі Тусіпбекова Жұлдыз Самигуллавнаның жетекшілігімен, 8-сынып оқушыларының әсем әуенімен Жас ұлан үйымы ұлдары ашты.